

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 сәуірдегі N 560 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 мамыр N 603

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 U010585 _ Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 сәуірдегі N 560 P010560_ қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы облысының әкімшілік орталығын

көшіруге байланысты мәселелерді шешу жөніндегі комиссияның құрамына:

"Досаев Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төраға" деген жолдағы ", төраға" деген сөз алынып тасталсын; көрсетілген Комиссия құрамына Ахметов Даниал Кенжетайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға болып енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.